

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1531 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 сәуірдегі № 363 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1531 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы көрсеткіштері, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген бөлімде:

«1. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы көрсеткіштері, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген кіші бөлімде:

«Елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және ұлттық экономиканы жаңғырту» деген 1-стратегиялық бағытта:

«2020 жылға қарай қазақстандық экономиканың 2009 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде үштен бірінен аса артуын қамтамасыз ету» деген 1-мақсатта: нысаналы индикаторларда:

1-тармақтың «2011 жыл» деген бағанындағы «103,1» деген сандар «105,0» деген сандармен ауыстырылсын;

2-тармақтағы «102,9» деген сандар «105,2» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ішкі сауданың тиімділігін арттыру» деген 1.4-міндетте: тікелей нәтижелер көрсеткіштерінде:

1-тармақтың «2011 жыл» деген бағанындағы «104,0» деген сандар «107,0» деген сандармен ауыстырылсын;

«Әлемдік сауда-экономикалық жүйеге интеграциялау арқылы республиканың экономикалық мүдделерін жылжыту мен қорғаудың тиімді және жедел жүйесін құру» деген 2-мақсатта:

нысаналы индикаторларда:

1-тармақтың «2011 жыл» деген бағанындағы «106,5» деген сандар «102,5» деген сандармен ауыстырылсын;

«7. Бюджеттік бағдарламалар» деген бөлімде:

001 «Экономика және сауда саясатын, мемлекеттік жоспарлау мен басқару жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі қызметтер» деген бюджеттік бағдарламада:

«Назарбаев Университет» АҚ-да біліктілікті арттыру курстарын өткен, сертификат алған қатысушылардың саны	Адам		210				
--	------	--	-----	--	--	--	--

»;

«Бюджеттік шығыстар көлемі» деген жолдағы «11 054 000,0» деген сандар «6 054 000,0» деген сандармен ауыстырылсын;

016 «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде қаржылық агент көрсететін қызметтерді төлеу» деген бюджеттік бағдарламада:

«Бюджеттік бағдарлама» деген жолдағы «шеңберінде» деген сөзден кейін «оператор және» деген сөздермен толықтырылсын;

«Сипаттама» деген жолдағы «Қаржы» деген сөз «Оператор мен қаржы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Бюджеттік шығыстар көлемі» деген жолдағы «732 000,0» деген сандар «502 000,0» деген сандармен ауыстырылсын;

018 «Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Бәсекеге қабілеттіліктің Еуразиялық бағдарламасының Орталық Азия бастамасының бақылау комитетіне қатысуы» деген бюджеттік бағдарламадан кейін мынадай мазмұндағы жаңа бюджеттік бағдарламасының толықтырылсын:

«

Бюджеттік бағдарлама	019 «Өңірлерді дамыту» бағдарламасының жобаларын сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсету»							
Сипаттама	Шығыстар «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ құрамында Өңірлік саясат орталығын құруға көзделіп отыр							
Бюджеттік бағдарлама түрі	мазмұнына байланысты			Қызметтер				
	іске асыру тәсіліне байланысты			Жеке бюджеттік бағдарлама				
	ағымдағы/ даму			ағымдағы				
Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең			Жобаланатын жыл	Жобаланатын жыл
		2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл		
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Тікелей нәтиже көрсеткіштері Бағдарлама шеңберінде іске асырылатын жобаларды іріктеу және бағалау рәсімдері бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу	дана			1				
Жергілікті атқарушы органдарға Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру шарттары мен рәсімдері бойынша өңірлерге сапарға шығу арқылы консультативтік қызметтер көрсету	Сапар саны			5				

Бағдарлама шеңберінде іске асыруға ұсынылған жобаларға талдау жүргізудің жуықтап алынған саны және олар бойынша қорытындылар дайындау	Қорытындылар саны			73				
Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру шарттары мен рәсімдері бойынша негізделген қорытындылар саны	Қорытындылар саны			73				
Сапа көрсеткіштері Шарт шеңберінде міндеттемелерді орындау	%			100,0				
Тиімділік көрсеткіштері бір бірлік қорытындыға орташа шығындар	Мың теңге			681,0				
Бюджеттік шығыстар көлемі	Мың теңге			50 000, 0				

»;

«

Бюджеттік бағдарлама	020 «Әлеуметтік секторда және тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығында жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі бойынша өңірлерге мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын дайындау барысында консультативтік көмек көрсету бойынша қызметтер»							
Сипаттама	Шығыстар әлеуметтік секторда және тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығында жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетігі бойынша өңірлерге мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын дайындау барысында консультативтік көмек көрсету үшін көзделген							
Бюджеттік бағдарлама түрі	мазмұнына байланысты	Қызметтер						
	іске асыру тәсіліне байланысты	Жеке бюджеттік бағдарлама						
	ағымдық/ даму	ағымдағы						
Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең			Жобаланатын жыл	Жобаланатын жыл
		2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл		
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Тікелей нәтиже көрсеткіштері Мемлекеттік - жеке меншік әріптестігі жобаларын консультативтік сүйемелдеу бойынша көрсетілген қызметтердің жуықтап алынған саны	Семинарлар саны			23				
Мемлекеттік - жеке меншік әріптестік тетігі бойынша								

жобаларды әзірлеу кезінде практикалық көмек көрсету	Ұсыныс тар (өтінімдер) саны			74				
Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері ЖАО-ның мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетігі арқылы инвестициялық жобаларды іске асыру мәселесі бойынша хабардар етілуін қамтамасыз ету (тестілеуді өткізу)	%			100				
Сапа көрсеткіштері Шарт шеңберінде міндеттемелерді орындау	%			100				
Тиімділік көрсеткіштері 1 қызмет көрсетуге орташа шығындар:	Мың теңге							
- консультативтік сүйемелдеу;				659,8				
- практикалық көмек				470,6				
Бюджеттік шығыстар көлемі	Мың теңге			50 000,0				

»;

«

Бюджеттік бағдарлама	021 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуы мен халықты қоныстандыру жүйесіне жәрдемдесуге берілетін нысаналы даму трансферттері»							
Сипаттама	«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуы мен халықты қоныстандыру жүйесіне жәрдем көрсетуге арналған шығыстар							
Бюджеттік бағдарлама түрі	мазмұнына байланысты			Трансферттерді беру				
	іске асыру тәсіліне байланысты			Жеке бюджеттік бағдарлама				
	ағымдық/ даму			Даму				
Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең			Жобаланатын жыл	Жобаланатын жыл
		2009 жыл (есеп)	2010 жыл (жоспар)	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл		
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Тікелей нәтиже көрсеткіштері Жеткіліксіз инфрақұрылымды жеткізу бойынша жобаларды іске асырудың басталуы	Жобалардың (жуықтап алынған) саны			3				
Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері Жобаларды Іске асыру басталатын өңірдегі халық санының өсуі	Алдыңғы жылға қарағанда %-бен			100,1				
Сапа көрсеткіштері								

Тиімділік көрсеткіштері 1 жобаға орташа шығындар	Мың теңге			250 000,0				
Бюджеттік шығыстар көлемі	Мың теңге			750 000,0				

»;

049 «Экспорттаушы - 2020» бағыты шеңберінде қазақстандық тауарлардың экспортын сыртқы нарыққа жылжытуға жәрдемдесу» деген бюджеттік бағдарламада: тікелей нәтиже көрсеткіштерінде: мына:

«

«Дайын отандық өнімнің ең жақсы экспорттаушысы» сайысын өткізу	Бірл.			1				
--	-------	--	--	---	--	--	--	--

»

деген жол алынып тасталсын;
«2011 жыл» деген бағанда:

«Биржалық қызмет, ішкі нарық пен ішкі сауданы қорғау жөніндегі анықтамаларды дайындау және жариялау» деген жолдағы «500» деген сандар алынып тасталсын;

«Тауарлық биржалар қызметі және тауарлық инфрақұрылымды дамыту туралы семинарлар мен конференцияларды өткізу» деген жолдағы «6» деген сан алынып т а с т а л с ы н ;

түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:
«2011 жыл» деген бағанда:

«Сыртқы сауда айналымының өсу қарқыны» деген жолдағы «106,5» деген сандар «102,5» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджеттік шығыстар көлемі» деген жолдағы «1 038 500,0» деген сандар «1 100 155,0» деген сандармен ауыстырылсын;

050 «Тәуелсіз сарапшылардың және үкіметтік емес ұйымдардың (қоғамдық бірлестіктердің) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалауды жүргізу жөніндегі қызметтері» деген бюджеттік бағдарламада: тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«

Бюджеттік бағдарлама	050 «Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалауды талдамалық сүйемелдеу жөніндегі қызметтер»
----------------------	--

»;

117 «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдау» деген бюджеттік бағдарламада:

«Бюджеттік бағдарлама түрі» деген жолдағы «жеке» деген сөз «бөлінетін» деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Бюджеттік шығыстар көлемі» деген жолдағы «35 835 300,0» деген сандар «19 115 951,0» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджет шығыстарының жиынтығы» деген кестеде:
«2011 жыл» деген бағандағы «70 639 769,0», «55 093 769,0» және «15 546 000,0»
деген сандар тиісінше «49 765 067,0», «33 469 067,0» және «16 296 000,0» деген
сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми
жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК